

законодательно создать благоприятные условия для выражения всех возможных идей и видений будущего народа Казахстана, основывающегося на принципах демократии.

Параллельно с предложенной мерой необходимо проводить постоянную работу по повышению правосознания и политической культуры населения во избежание неприятных инцидентов во время проведения публичных мероприятий, которые могли бы поставить под вопрос их мирный характер. Также необходимо строго регламентировать деятельность правоохранительных органов во время обеспечения правопорядка на массовых мероприятиях с целью исключения неоправданного насилия как со стороны участников публичного мероприятия, так и со стороны правоохранительных органов, а также третьих лиц. Совместной деятельностью участников публичного мероприятия и сотрудников правопорядка необходимо оперативное выявление «провокаторов», преследующих деструктивные цели, не заявленные организаторами публичного мероприятия, и их действия, направленные на дестабилизацию общественного порядка.

На сегодняшний день прошло более чем четверть века с обретения Казахстаном независимости, а это значит, что происходит смена поколений и омоложение населения страны. Вместе с этим в страну приходят новые умы, новые идеи, новые взгляды, и государство должно своевременно реагировать на новые вызовы. Развивая гражданское общество, Республика Казахстан обращает особое внимание на проблему самовыражения граждан. Согласно «Концепции укрепления и развития казахстанской идентичности и единства» национальное единство строится и укрепляется на основе взаимодействия государства, гражданского общества и граждан, а одним из механизмов этого укрепления является модернизация законодательства [8]. Внося изменения и корректировки в законодательство, мы сможем более широко взглянуть на проблемы общества и услышать голос будущего нашей страны – молодое поколение.

Список литературы:

1 Хейвуд Э. Политология: Учебник для студентов вузов / Пер. с англ. под ред. Г.Г. Водолазова, В.Ю. Вельского. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. - 544 с.

2 Тюленева В.А. Соблюдение прав человека в области свободы мирных собраний в ходе реформирования законодательства Республики Казахстан об административных правонарушениях //Центр исследования правовой политики //http://iprc.kz/ru

3 Всеобщая декларация прав человека //http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml

4 Конституция СССР 1977 года // http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1977.htm

5 Указ Президиума ВС СССР от 28.07.1988 «О порядке организации и проведения собраний, митингов, уличных шествий и демонстраций в СССР» //http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_4581/

6 Закон Республики Казахстан от 17 марта 1995 года № 2126 О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан //https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1003508

7 Доклад Специального докладчика по вопросу о правах на свободу мирных собраний и свободу ассоциаций Майны Киан //http://www.adilet.gov.kz

8 Указ Президента Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года «Об утверждении Концепции укрепления и развития казахстанской идентичности единства» //http://adilet.zan.kz/rus/docs/

ЖАСӨСПІМДЕР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

*Сабырбек Ш., заң факультетінің студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Байжанова Г.Т., з.ғ.м., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ доценті*

Жас өспірімдердің құқық бұзушылығына қатысты мәселелерді талдап қарайтын болсақ, олар тиімді шешуді, әсіресе заң шығару және институционалдық тәртіп реформалары сияқты шаралар кешенін жүзеге асыруды талап ететінін көреміз. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы оған ерекше мән беруде. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабына сәйкес Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ретінде танылады [1; 1]. Қазіргі

қоғам дамуының өзегі адамның, соның ішінде баланың негізгі құқықтары мен бостандықтарының мәнінің өсуімен сипатталады.

Бала мүддесін қорғау үшін, ең алдымен, оның негізгі құқықтары мен бостандықтарын, заңды мазмұнын көрсете отырып, олардың қамтамасыз етілуіне қатысты тиімді әрекеттерді қалыптастыру қажет. Бұл әрекеттер тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, сонымен бірге жалпыадамзаттық, халықаралық қауымдастық тұрғысында да жүзеге асырылуы тиісті. Қазақстан Республикасында бұл салада атқарылып отырған іс шаралар ауқымды. Дегенмен, біздің зерттеу тақырыбымыздың өзегі бала құқықтарын қорғау мәселелері емес, балалардың өз міндеттерін атқаруға деген құлшынысы төңірегінде болмақ.

Кез келген адамның құқықтарымен қатар міндеттері де болады. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңның 20-бабында баланың міндеттері көрсетілген: «Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті» [2, 20].

Азамат өзіне жүктелген міндеттерді орындаса немесе құқықтары мен бостандықтарын пайдалана алса, мұндай іс-әрекет азаматқа да, қоғамға да пайдасын тигізетіні сөзсіз. Азаматтар заңда белгіленген міндеттерін бұлжытпай орындаса, қоғамда заңдылық орнап, құқықтық тәртіп сақталады [3, 237]. Осы ереже жасөспірімдерге де қатысты қолданылады.

Ертеңгі елдің болашағы бүгінгі жасөспірімдер. Келешек елдің тізгінін ұстайтын жасөспірімдердің болашақта атқарар әрекеттері бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Еліміз өскелең ұрпақтың дамуына ерекше назараударады. Баланың жан-жақты дамып жетілуіне барлық жағдай жасалынған. Әрбір мектеп жасындағы бала тегін орта білім алумен қамтамасыз етіледі, денсаулық сақтау да мемлекеттік тегін көмек арқылы іске асырылады. Одан өзге қолға алынған, жолға қойылған іс-шаралар жеткілікті. Мемлекет қамқорлығына барлық жасөспірімдер алғыс сезімімен жауап бере ме деген орынды сұрақ туындайды.

Өкінішке орай, қазіргі таңда кәмелетке толмағандар арасында қылмыс және қылмыстық теріс қылықтар жиі орын алууда. Сол себепті кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысқа қарсы күрестің бүгінгі таңда маңызы зор. Қылмыс жолына түскен өрімдей балалар, болашақта ересектер қылмысының негізін қалайтыны анық. Жасөспірімдердің қылмыс жолына түсуі қазіргі қоғамның қасіретті құбылысы. Жасөспірімдер қылмыс жасап өз басына, қоғамға, қоршаған ортаға мейлінше үлкен зиян келтіреді. Жаңа туған сәбиін ертеңгі күні қылмыскер болып өседі деп кім ойлар? Ересек адамдардың құқық бұзушылығы жасөспірімдердің санасына кері әсер етері анық. Жасөспірімдер арасында қылмыстың көбеюі бізді аландатып отырған жағдай. Қылмыс жасаған жасөспірімдердің өзіндік ерекшеліктері бар: олар ашушаңдық, ыза, қылмыскерлерге немесе ересек адамдарға әлілділік, әртүрлі қатығыстарға бейімділігі. Жасөспірімдер арасында оқудан тыс қалған немесе оқуды босататын, жұмыс істемейтін жасөспірімдердің көпшілігі қылмыс әлеміне жақын болып тұрады. Көбінесе, қылмысқа әлеуметтік жағдайы төмен, тұрмысы нашар отбасында тұратын жасөспірімдер барады деген көзқарас бар. Өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, меншік иесіне қарсы бағытталған қылмыс жасау арқылы пайда тапқысы келеді. Көбінесе кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыс жасау себептері мыналар боп табылады: бос уақытының көп болуы; оқуды тастап кетуі; мектеп педагогтарының рөлінің төмендігі; отбасындағы қиын материалдық жағдай және ата-аналарының тәрбие беру төмендігі және т.б.

Жасөспірімді қылмыстық іске итермелейтін ең негізгі себептердің бірі – олардың отбасында бақылаусыз қалуы. Жасөспірімнің тәртіпсіздікке бой ұруының басты себептеріне өмірлік тәжірибенің жоктығы, баланың өзіне достарды таңдай алмауы да қатты әсерін тигізеді. Отбасы мүшелері баланың уақытындаса бақтан келуін, жолдастары мен қарым-қатынасқа түсетін адамдарды қадағалап, тексеруді міндетіне алғандары жөн. Мамандардың айтуына қарағанда, кей уақыттарда балаға біраз қатал қараудың да маңызы зор. Ал, көбіне түсіністік танытып баланың бойына сыйластық, сенімділік арту даартық болмас.

Отбасындағы жағдай қылмыс жасауға итермелейтін себептердің бірі. Яғни, түтіні түзу шықпаған жанұяда өскен жасөспірімдердің қылмысы. Отбасындағы толассыз ұрыс-керістен көз ашпайтын балалар бұзақылыққа жақын болып келеді екен. «Ұяда нені көрсең, ұшқандасоны ілесін» деген сөзді халқымыз бекер айтпаған ғой. Қадағалау, бақылау жасөспірімді қылмыс жасаудан тоқтатаала ма? Баланың бәрі бірдей отбасында тәрбие алып жатқан жоқ. Жауапкершілігі жоқ әке-шеше қатары азаймай отыр. Оларды көше мен кино тәрбиелейді. Өзінің көзқарасы қалыптасып үлгермеген бала

кәнтөгіс, атыс-шабыс көріністерге толы кинодан көргенін істеуге, сондағы кейіпкерлерге ұқсауға тырысады. Адам баласында қорқу мен сыйлау болмаса жүгенсіз кетті деген осы. Бұл екеуінен де құр қалған баланың болашағынан үміті жоқ деуге болады. Жұмыс басты ата-ана баланың тамағы тоқ, киімі бүтіндігіне ғана мән береді, ал рухани азығына көңіл де бөле бермейді.

Жасөспірімдерарасында қылмыстарды болдырмау және алдын алу үшін ата-аналардың рухани дамуына және материалдық тұрғыдан жетілуіне үлкен мән беруі керек.

Кәмелетке толмаған сотталушының ақылоянында кемістіктер жоқ екенінаықындау үшін, сот тиістідәрежеде қылмыстық іс жүргізу заңдарына сәйкес кәмелетке толмаған сотталушының ақыл-есінің қаншалықты толық еместігін айқындауға міндетті. Статистикалық мәліметтергесүйенсек, кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің қылмысының деңгейі өсіп бара жатқанын байқаймыз. Мысалы, суық қару пайдаланып жасалынатын қарақшылық шабуылдар 74,3 пайызға өскен. Суық қару пайдаланып жасалынатын қарақшылық шабуылдың 44,8% көшеде жасалады. Кәмелет жасқа толмағандарарасында қылмыс жасайтын 90-95% - ер балалар болып келеді. Жасөспірімдер жасайтын қылмыстарарасында пайдакүнемдік мақсатпен және пайдакүнемдік-зорлық ниетпен жасалатын ауыр қылмыстардың үлесі бүгінгі таңда жоғары боп тұр. Кәмелет жасқа толмаған жас өспірімдер көбінесе жасайтын қылмыс ұрлық болып табылады, тонау, қарақшылық шабуыл да бар.

Қазақстанда 14-29 жасаралығындағы адамдармен қылмыстардың 57%-ы жасалады. 14-17 және 18-29 жасаралығындағы халықтың криминалдық көрсеткіштері қылмыстардың белгілі бір тұрақтылығын және олардағы өзгерістердің ұқсастығын көрсетеді, бұл тұтастай алғанда қылмыстылықтың жалпы себептерінің және құрылымдық элементтер бойынша орын алуымен түсіндіріледі [4].

Қылмыстардың жартысына жуығы кәмелетке толмағандармен сағат 22-ден кейін, төрттен бірінен үштен біріне дейін – оқу немесе жұмыс уақытында, оқу мекемелері мен кәсіпорындардан бақылаусыз кету процесінде немесе тікелей жұмыс не оқу орны бойынша жасалады [5, 187].

Сол себепті де, бүгінгі таңда оқу орындарында жалпыға бірдей құқықтық тәрбие беру, құқықтық санасезімін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін, азаматтық тәрбие беру, өз құқықтарын, басқа адамдардың құқықтарын білуге және басқа адамдарды құрметтеуге баулу керек. Бүгінгі жасөспірім – елдің ертеңгі толыққанды азаматы екендігін естен шығармау қажет.

Құқықтық тәрбие – мемлекеттік органдар мен қоғамдастықтың азаматтар мен лауазымды тұлғаларда құқықтық сана мен құқықтық мәдениет қалыптастыруға бағытталған әрекеті [6, 89]. Құқықтық тәрбие кадрлар, заң қызметкерлерін даярлау, құқықтық насихат жүргізу, құқықтық сананы нығайту және заң мәдениетін дамыту жұмыстарын жүргізу үшін қоғамда қолданылатын идеологиялық-ұйымдастыру ықпалының жүйесі.

Тәрбиелеу нысандары да әртүрлі. Олардың қатарына құқықтық білім беру, құқықтық насихат, заңдық тәжірибе, өзін-өзі тәрбиелеу жатады. Құқықтық білім беру орта мектепте, ортаарнаулы және жоғарғы білім беру мекемелерінде құқықтық білім беру, жинақтау және игеруден тұрады. Құқықтық насихат құқықтық идеяларды және құқықтық талаптарды теледидар, радио және өзге де бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен тұрғындарға таратуды білдіреді. Заңдық тәжірибе құқық қолдану әрекеті үрдісіне азаматтардың қатысуымен заңдық мәлімет, білім беруге көмектеседі. Өзін-өзі тәрбиелеу жеке тәжірибемен, өзіндік білім қалыптастырумен, құқықтық құбылыстарды өзіндік талдаумен байланысты.

«Кәмелетке толмағандарарасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы, кәмелетке толмағандарарасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

Заң нормаларына сүйенетін болсақ, кәмелетке толмағандарарасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері қатарына мыналар жатады:

1) кәмелетке толмағандарарасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

3) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту;

4) кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру;

5) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтап, жолын кесу;

б) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру болып табылады [7].

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықпен күрес жүргізу саласындағы маңызды орынды профилактика мәселелеріне беру қажет. Егер ол жеткілікті тиімділік бермесе, тиісті әрекет үшін заңдық жауапкершіліктің туындайтындығын даескерту жөн.

Кәмелетке толмағандар ҚР Қылмыстық кодексі бойынша жауаптылыққа тартылады. Кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін неоларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық кодекстің 81 бабы кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығын анықтайды. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлеріне: белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 2) айыппұл; 3) түзеу жұмыстары; 4) қоғамдық жұмыстарға тарту; 5) бас бостандығын шектеу; 6) бас бостандығынан айыру жатады. Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады. Түзеу жұмыстары дербес табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады. Қоғамдық жұмыстарға тарту қырық сағаттан бір жүз елу сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы – күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу – екі жылға дейінгі мерзімге, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру – он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онша ауыр емес қылмыс немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды. Кәмелетке толмаған сотталғандар бас бостандығынан айыруды кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтейді [8, 81].

Заңды жауапкершіліктің мақсаттары ретінде құқықтық тәртіпті қорғау және азаматтарды құқықты құрметтеу рухында тәрбиелеуді санауға болады. Заңға және құқыққа құрметпен қарау әрбірадамның жеке наным-сенімі болып қалуы керек. Осы тәрбиелік процесте өз сөзін мектеп, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар және азаматтық қоғамның өзге мүшелері аятуы керек.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан болашағы жастарда екенін, оларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде барлық жағдай жасалатындығын, өз кезіндегі жастардың жауапкершілігін сезіне білуі қажет деп айтып келеді [9].

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
- 2 «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz>
- 3 Байжанова К.Т., Сабырбек Ш. Құқық бұзушылық әлеуметтік құбылыс ретінде // Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына және ЮНИСЕФ ұйымының 70-жылдығына арналған «Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот төрелігі - жаһандану кезеңіндегі мәселелері мен дамуының қалыптасу тарихы»: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. – Б.237-242.
- 4 Концепция Национального плана действий в области прав человека в Республике Казахстан на 2015-2020 гг. – Астана, 2014. – 136 с.
- 5 Алауханов Е.О. Криминология. Учебник. – Алматы, 2008. – 429 с.

6 Байжанова Г.Т. Мемлекет және құқық теориясы. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006.- 174 б.

7 «Кәметке толмағандарарасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы // adilet.zan.kz

8 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасы заңы // adilet.zan.kz

9 Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңасаяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. - 2014. - 17 қаңтар.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

*Шакирова А.Б., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Китшақпаева Д.К., заң факультетінің студенті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Жаһандану үрдісі кең етек алған ХХІ ғасырда көптеген елдерінің алдында туындаған жалпы ортақтық сипаттағы мәселелер адамзат баласын алаңдатпай қоймайды. Мұндай мәселелердің шешілуі барлық мемлекеттердің бірлескен әрекеттері мен ортақ шараларын қажет етеді. Ал әрекеттер мен шаралар тиімді әрі нәтижелі болу үшін үйлесімділік қажет. Мемлекеттер арасындағы әрекеттерді үйлестіруге апаратын бірден-бір жол интеграция болып табылады.

2015 жыдың 1 қаңтарынан бастап іске кірісетін жаңа одақ оған енген мемлекеттердің халқы үшін игілікке қызмет жасайтын болады. Оған дәлел, экономикалық интеграция ұлттық мемлекеттілікті нығайтады. Экономиканы дамыту арқылы одан әрі беріктендіре түсуге ықпал етеді. Себебі, интеграциялық бірлестіктердің өзегінде экономикалық прагматизм, өзара сыйластық, барлық шешімді қабылдауға қажетті тең құқықтылық және ашықтық жатыр. Сондықтан Еуразиялық одақты құру басқалардан іргемізді ажырату үшін емес, керісінше, басқа серіктестермен неғұрлым тығыз ынтымақтастық орнату үшін құрылып отыр. Олай болса, экономикалық одаққа бірігуден мемлекеттер тек қана ұтысқа ие болады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Бүгінде интеграциясыз алға қадам басу мүмкін емес. Себебі, қандай да бір мемлекет өзге елдермен өзара ықпалдастық орнатпайынша, бірлесе іс-қимыл жасамайынша, алға жылжи алмайды» деген болатын. Шындығында да қазіргі заман экономикалық интеграцияның заманы. Экономикалық тұрғыдан жасалып отырған тиімді бастама Қазақстанның әлеуетіне оң ықпал етеді. Үш ел тауарларының еркін қозғалысы алыс-берісті арттырып қана қоймай, бірлескен кәсіпорындар құруға да бірегей мүмкіндік бермек. Үш ел арасында қызмет жасап жатқан Кедендік одақ та кең өріс алмақ. Еуразиялық интеграция аясында Қазақстан, Ресей, Беларусь елдерінің экономикасы бұрынғысынан да қарқынды дамиды болады. Өйткені Қазақстанда жалпы нарыққа, бизнеске арналған жобаларды жүзеге асыруға барынша қолайлы жағдай жасалған. Біздің елімізде теміржол құрамдары, жүк көліктері мен электротехника салалары қарқынды дамып келе жатыр. Сонымен қатар одақ аясында әр кәсіпорын өз қызметін емін-еркін жүргізетін болады. Ол үшін қосымша лицензия немесе тағы басқа келісім-шарт әзірлеудің қажеттілігі туындамайды. Жаңа нарық әр кәсіпорын мен әр азамат үшін ұтымды болады [1].

Экономикалық интеграцияның маңыздылығы жөнінде айта келе, АҚШ-тай ірі, күшті мемлекеттердің де мұндай бағытқа мұқтаждығы бар екенін айта кету керек. Бұған дәлел, АҚШ, Мексика және Канада құрған экономикалық НАФТА ұйымы. Экономикалық ахуалы мықты бола тұра, өз арасында экономикалық ынтымақтастықты күшейтуді жолға қойған бұл елдердің ұстанған экономикалық бағыты интеграциялық өмір саясатының маңызын арттыра түседі. Осы айтылғандардың бәрін түйіндей келе, әлем бүгінде – ғаламдық, аймақтық блоктар диалогы. Орталық Азия мемлекеттері де өзекті мәселелерді бірігіп шешуге, интеграциялануға талпынады.

Түрлі жағдайларға байланысты ТМД елдерінің басшылары Достастық мақсаттары мен міндеттерін бір мәнді қабылдай алмады. Біреулерге Достастық КСРО шеңберіндегі республиканың мәртебесінен толық дербестік жолындағы аралық кезең сияқты көрінді. Мұндай елдер ТМД-ғы шартты мүшелігін сақтай отырып, барлық күш-жігерін басқа мемлекеттермен экономикалық және саяси ынтымақтастыққа бейімдеуге бағытталды. Достастық елдер арасындағы қарым-қатынаста сенім білдірушіліктің болмауы белгілі бір деңгейде ТМД-ң тиімді жұмысына кедергі келтірді деп айтуға болады. Ресейдің зор экономикалық, адамдық және әскери әлеуетінің болуы фактісі оның басқа